

"2014 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" 2013 жылғы 25 желтоқсандағы Зайсан аудандық мәслихатының № 21-11/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы N 28-2/1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 қарашада N 3538 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы N 29-8/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 23.12.2014 N 29-8/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабы 8-тармағына, " Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 және "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" 2014 жылғы 12 ақпандағы № 80 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 837 қаулысына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "2014 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" 2013 жылғы 25 желтоқсандағы Зайсан аудандық мәслихатының № 21-11 /5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3172 нөмірмен тіркелген, аудандық "Достық" газетінің 2014 жылғы 12 ақпандағы

№ 12 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2014 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну т у р а л ы " ;

1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұ с ы н ы л с ы н :

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы, Д.Ыдырышев

аудандық мәслихат хатшысы